

12 тамыз күні Ақтауда Бесінші Каспий саммиті өтті. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, оған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты.



Сыр бойы

№120
(19603)
14 ТАМЫЗ,
СЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

КАСПИЙ САММИТИ: ТАРИХИ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



аяқтау тапсырылды. Мемлекет басшылары 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Астрахань саммитінде қол қойылған су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы, сондай-ақ гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдердің күшіне енуін күптады. Осы құжаттарды практикалық іске асыру Каспий теңізінің табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерден қорғалуын арттыруға, оның бірегей теңіз ортасы мен биологиялық әртүрлілігі үшін тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді.

Президенттер Каспий теңізінің бірлескен су биологиялық ресурстарын орнықты дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге арналған Су биологиялық ресурстарын сақтау, ұтымды пайдалану және олардың бірлескен қорларын басқару жөніндегі үкіметаралық комиссия жұмысының басталғанын қанағаттанғаншылық сезіммен атап өтті.

Президенттер 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру мақсатында Каспийдің балық қорларының сақталуына жәрдемдесуге және браконьерлікке қарсы іс-қимыл жасауға арналған биологиялық ресурстардың заңсыз кәсіпшілігіне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы, сондай-ақ теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы келісуді аяқтау қажеттігін атап өтті. Есірті құралдарының психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы хаттаманы псықытау тапсырылды.

Мемлекет басшылары теңіз бен оның жағалау маңы аймағының елеулі мәдени және рекреациялық әлеуетін ескере отырып, Каспий өңірінде экономиканың туристік сегментін дамыту маңыздылығын атап өтті. Тісті органдарға Каспийдегі туризм тақырыбы бойынша бесжақты консультациялар өткізу тапсырылды.

Президенттер өңірлік деңгейдегі байланыстарды, мәдени алмасуларды, медиа-форумдарды, жастар слеттерін, спорттық жарыстарды және басқаларын қоса алғанда, Каспий маңы мемлекеттерінің әртүрлі форматтардағы ынтымақтастығын жаңадандыруға қолдау білдірді.

Президенттер Каспий теңізінің бейбітшілік, келісім, тату көршілік және тиімді халықаралық ынтымақтастық теңізі болып табылатындығын ерекше атап өтіп, барлық Каспий маңы мемлекеттерінің арасындағы дәстүрлі достық байланыстардың одан әрі нығайтынына және дамитынына сенім білдірді.

Бесінші Каспий саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және көрсеткен қонақжайлылығы үшін Қазақстан Республикасына ризашылық білдірілді.

Келесі Каспий саммиті келісінген мерзімде Түрікменстанда өтеді.

Ашхабадта (2002), Тегеранда (2007), Бакуде (2010) және Астраханьда (2014) өткен Каспий саммиттерінің шешімдерін дамыту үшін Каспий теңізі өңіріндегі бесжақты ынтымақтастықтың неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау, халықаралық өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасу дәстүрлі достық, сенім және тату көршілік жағдайында өтті.

Бес мемлекет көшбасшыларының бәтуаластық және барлық тараптардың мүдделерін өзара есепке алу негізінде тұжырымдалған базалық халықаралық шартқа – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюы жоғары деңгейдегі кездесудің басты оқиғасы болды. Осы негіз қалаушы құжат заманауи талаптарға сай келетін және жағалау маңындағы елдердің жан-жақты өзара іс-қимылын одан әрі қарқынды бағытталған Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін құрады.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны тиімді орындау және Каспийдегі ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілеріне шолу жасау мақсатында президенттер сыртқы істер министрлерінің қамқорлығымен сыртқы істер министрлерінің

орынбасарлары Каспий маңы мемлекеттерінің өкілетті өкілдері деңгейінде тұрақты бесжақты консультациялар тетігін құру және Конвенцияға қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірмей алғашқы консультациялар өткізу туралы шешім қабылдады. Бірінші кезектегі тәртіппен тікелей бастапқы желілерді белгілеу әдістемесіне қатысты келісім жобасын әзірлеуге және келісуге кірісу тапсырылды.

Бесінші Каспий саммитінде жағалау маңындағы мемлекеттердің өнеркәсіптік, сауда, энергетикалық, көліктік-логистикалық, инновациялық, туристік, ақпараттық және мүдделілік танытатын басқа да салалардағы өзара іс-қимылын одан әрі нығайтуға және дамытуға ықпал ететін Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге және Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою терең қанағаттанушылық сезіммен қабылданды. Осы келісімдерді іске асыру үшін Каспий маңы мемлекеттерінің құзыретті ведомстволарының кездесулері тұрақты негізде өткізілетін болады. Бес елдің кәсіп-

керлері мен бизнес-құрылымдары арасындағы байланыстарды дамыту мақсатында 2019 жылы Түрікменстанда бірінші Каспий экономикалық форумын өткізу ұсынылды.

Каспий теңізінде теңіз көлігі саласында тиімді және өзара пайдалы ынтымақтық жасау мақсатында жағалау маңы мемлекеттері теңіз әкімшіліктерінің бесжақты тұрақты өзара іс-қимылын ұйымдастыру маңыздылығы баса көрсетілді. Каспийдегі теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы бесжақты келісімді дайындау қажеттілігі атап өтілді.

Саммит барысында Каспий теңізіндегі оқыс оқиғалардың алдын алу туралы үкіметаралық келісімге қол қою мемлекеттердің өзара іс-қимылының базалық қағидаттарын – егемендікті, аумақтық тұтастықты құрметтеуді, бір-бірінің қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуді, әскери қызмет саласындағы келісілген сенім шараларын сақтауды өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту жөніндегі ортақ күш-жігерге сәйкес болжамдылық және транспаренттілік рухында іске асыруға бағытталған. Жағалау маңы мемлекеттерінің қауіпсіздік саласындағы мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында президенттер Каспийде теңіздегі әскери қызмет саласындағы келісілген сенім

шараларын әзірлеу және қабылдау қажеттігін растады.

Президенттер 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзекті сын-тегеуіріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл жасауға, сондай-ақ құқыққа қарсы қызметтің жолын кесуге бағытталған терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, шекара ведомстволарының өзара іс-қимылы туралы хаттамаларға қол қоюды күптады.

Көшбасшылар Каспийдегі қоршаған ортаның жай-күйі мәселелеріне ерекше назар аударды. 2018 жылғы 20 шілдеде Мәскеуде 2003 жылғы 4 қарашадағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттамаға қол қою Каспий маңы мемлекеттерінің осы бағыттағы күш-жігерінің аса маңызды қорытындысы болғаны атап өтілді. Оған қабылданған хаттамалардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді, сондай-ақ Конвенция Хатшылығын Каспий маңы мемлекеттерінің аумағына ротациялық негізде орналастыру процесін



СЫРДАРИЯДАҒЫ ЖЫР МЕРЕКЕСІ



Кіл жүйірік жиылған жыр додасын белгілі ақын Жүрсін Ерман жүргізді.

Ұлттық өнерге баланған айтысқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Әбдіхалықова, ақындар А.Әлтаев, З.Ибадуллаев, Қ.Есімсейітова және филология ғылымдарының кандидаты Ғ.Тұяқбай төрелік етті.

– Айтыс – мәдениетімізді айшықтайтын, атадан балаға мирас болып келе жатқан қиелі өнер. Тарих қойнауынан үзілмей келе жатқан төл өнеріміз шаралар аясында ешқашан өшпейді. Өйткені оның тыңдаушысы да, бағасын беріп төрелік айтушысы да қарапайым халық. Міне, бүгін ақундар мен ақынның өлкесінде дүбірлі сәт. Айтыскерлердің арқалы

дүниесі сіздерге арналады, – деді Ж.Ерман.

Ақындар алқа топтың алдында аянып қалған жоқ. Тұшымды сөздер, орайлы ойлар елдің жүрегіне жетіп, рухын оятты, намысын қыздырды. Ойдың парқы, сөздің нарқы артты, айтыс тілі айшықтана түсті. Шын жүйірікке тұсау жоқ екен. Қазылар алқасының бір ауызды ұйғарымымен сөз додасының бас жүлдесін Нұрмат Мансуров еншілеп, жеңіл автокөлікті иеленді. Жүлделі I орын Батыс Қазақстан облысының намысын қорғаған Жансая Мусинаға, II орын астаналық Мейірбек Сұлтанханға, III орын Мұхтар Ниязұзақ бұйырды. Сонымен қатар, қатысушы ақынның барлығына ынтыландыру сыйлығы берілді.

BÜGINGI SANDA I



**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ:
11 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ
ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ**



**ЖЕТІ ШЕЛПЕК
ТАРАТУ ДІНГЕ
ЖАТ ПА?**



Сырдария ауданының 90 жылдығына арналған мерекелік республикалық ақын айтқысы өтті. Жыр додасына Астана қаласынан Еркебұлан Қайназаров, Мейірбек Сұлтанхан, Алматы қаласынан Шүғайым Сезімхан, Қарағандыдан Мақсат Ақанов, Батыс Қазақстан облысынан Жансая Мусина, Түрікменстан облысынан Анар Жаппарқұлова, Ақтөбеден Әлихан Жақсылық, Қызылордадан Ереңке Әбдиев, Жалағаш және Сырдария ауданынан Мұхтар Ниязов пен Нұрмат Мансуров қатысты.

ДАМУ І

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда экономикалық процестер дамуының тұрақтылығы сақталуда. Экономикалық қызметтің барлық буындарында оң серпін байқалып отыр. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша елімізде жалпы ішкі өнім өсімі 4,1% құрады.

экспортқа бағытталған 26 жобаның жүзеге асырылуы бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл бағыт бойынша «Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау» картасында - құны 324,9 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 3,7 мың адамды жұмыспен қамтитын - 23 жоба, республикалық картасында - құны 298,2 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 2,4 мың адамды жұмыспен қамтитын 3 жоба жүзеге асырылатын болады.

Жалпы, индустрияландырудың бірінші және екінші бесжылдығы құрады. 2017 жылдың 6 айында - 11,8%. Индустрияландыру бағдарламасы аясында биыл бірқатар жобаларды іске асыру жоспарланды. Соның бірі «Қуаттылығы жылына 197,1 мың тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасы.

Жоба құны - 36,7 млрд теңге, ол 226 адамды жұмыспен қамтиды. Бүгінгі күні құрылыс алаңында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Шыны зауыты бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы трансмемлекеттік «Чайна Триумф» компаниясы осы шыны зауытының құрылысына қатысып, инвестор ретінде қатысып, смартфондар мен планшеттердің күн сәулесінен қорғайтын панельдеріне арналған аса жұқа және өте мөлдір шыны жасап шығаруды да көздеп отыр. 150 миллион АҚШ долларын құрайтын бұл жобаны Қызылорда облысының индустриалды аймағында жүзеге асыру жоспарланған.

Тағы бір ірі бастама - Шиелідегі «Тампоаждық цемент зауыты құрылысы» жобасы. Жоба құны - 64,0 млрд теңге, қуаттылығы - жылына 1 млн тонна, ол 260 адамды жұмыспен қамтиды. Тампоаждық цемент құрылысы, м у н а й - г а з және уран қамтыса, қалған бөлігі ТМД, Қытай және Орталық Азияға экспортталады.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: 11 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ

25,8% құрады. Үстіміздегі жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша елдің халықаралық резервтері 0,9% артып, 89,9 млн АҚШ долларына дейін жетті. Өнеркәсіп өндірісі 5,2% артып, осы қарқынды сақталуда. Тау-кен өндіру өнеркәсібі 5,5% өсті. Бұл өсу негізінен Қашағанда мұнай өндіру жұмыстарының асыра орындауына байланысты болып отыр. Жоспарланған 4,9 млн тоннаның орнына 6,2 млн тонна өндірілді.

Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібінде 7,7 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 40%-ке өсті. Ол 2018 жылдың 6 айында құны 3,9 млрд теңгені құрайтын 133,7 мың тонна (тұз, балық, пропан-бутан, аммоний метаванадаты) өнім экспортталды.

Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қаржылай мәнде 37,3%-ке ұлғайып (2017 ж 6 айында - 2,8 млрд тг), өнім көлемі 25,8%-ке өскен (2017 ж 6 айында - 106,3 мың тонна).

2018 жылғы 6 айында Индустрияландыру картасының жобалары арқылы өндірілген өнім көлемі жалпы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 13,5%-ті аясында құны 85,4 млрд теңге болатын 22 жоба жүзеге асырылып, 1,7 мың жұмыс орны ашылды. 2018 жылдың 6 айында іске қосылған жобалар 11,2 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 30,2%-ке өсті.

Жылдың IV тоқсанында аяқталады, ал, желтоқсан айында Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін телекөпір барысында зауыт пешін іске қосу жоспары бар. Айтпа кету керек, Қытайдың шыны өндіретін зауыт салудың мол тәжірибесі бар өндірісінде кеңінен қолданылады. Дайын өнімнің 70% ішкі нарықты

Ж.ӘЛМАХАН.

АҮДАН JAҢАЛЫҚТАРЫ I

ЖАҢАҚОРҒАН

ЛЕГО-КІРПІШ КӨШ БАСТАДЫ

Жаңақорғанда жасалған мега-кірпіш «Қазақстан көрме-байқауының «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

Кірпішті шығаратын «Өсем тас» серіктестігінің жетекшісі Жомарт Шауенов арнайы дипломға ие болды. Әрі қазан айында Астана қаласында өтетін «Қазақстанның үздік тауары - 2018» республикалық көрме-байқауына жолдама алды.

ШИЕЛІ

ЖАСТАР КҮНІНДЕ АТАП ӨТТІ

Шиелі ауданында «Жастар күні» мерекесі биыл да ерекше леппен атап өтілді.

«Рухани жаңғыру - жастарға жарқын жол» атты салтанатты шара орталық алаңда кең көлемде ұйымдастырылды. Мерекелік шара барысында аудан басшысы Әшім Оразбекұлы өз саласында үздік нәтиже көрсетіп жүрген бірнеше жастарды алғыс хаттармен марапаттады.

СЫРДАРИЯ

ДӘРИГЕРЛЕРГЕ ДӘН РИЗА

Ауданның 90 жылдығына орай, Сырдария ауданынан шыққан білікті дәрігерлер аудандық емхана және аурухана базасында тегін кеңес беру, емдеу шараларын жүргізді.

Медицина ғылымдарының докторы, «Қазмуно» ангио және рентгендік-эндоскопиялық хирургия профессоры Серік Тұрсынбаев, жоғары санатты хирург, Алматы қаласындағы темір жол ауруханасының клиникалық-оқыту орталығы директорының орынбасары Алик Ысқақовтың қабылдауында болған аудан тұрғындары ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

ЖАЛАҒАШ

АУДАҢДЫҚ ӘН БАЙҚАУЫ

Жалағаш ауданы М.Шаменов ауылдық округінде айтыскер ақын, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалқованың шығармашылығына арналған аудандық ән байқауы өтті. Байқауға кент және ауылдық округтерден 15 жас қатысты. Байқау нәтижесінде Далдабай елді мекенінен келген Пазыл Орныққан бас жүлдені иеленіп, арнайы диплом, сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, жүлделі орын иеленген және байқауға қатысқан барлық қатысушылар сыйлықсыз қалмады.

ҚАРМАҚШЫ

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Есдәулетовті 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, жылы лебізін жеткізді.

Шара барысында мерейтой иесіне аудан әкімі мен мәслихаттың бірлескен шешімімен ауданның Құрмет грамотасы табысталды.

ҚАЗАЛЫ

«ҚОРҚЫТ АТА» КЕШЕНІНЕ ТУРИСТІК САПАР

Биыл Қазалы ауданында жобалық басқару шеңберінде тарихи орындарға туристік сапарлар ұйымдастыру жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында кезекті саяхат Қорқыт ата кешеніне жасалды. Бұл жолғы сапарға әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелері қатысты. Тәжірибелік мәні зор бұл сапардан ата-аналар мен оқушылар ерекше әсерге бөленіп, көтеріңкі-көңіл күймен оралды.

АРАЛ

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Арал ауданының әкімі М.Оразбаев құрылыс нысандарын аралады. Алдымен М.Сәдібаев көшесіндегі 300 орындық №14 мектеп құрылысы нысанында болды. Қазіргі таңда ғимараттың қабырғасын қалау жұмыстары аяқталып, шатырын жабу және ішкі әрлеу, сыртқы абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Апатты жағдайда деп танылған екіқабатты тұрғын үйдің тұрғындарына салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысы да қарқынды жүруде. Аудан басшысы үйлердің су, жарық және газбен толық қамтамасыз етілуін қадағалауды тиісті сала басшыларына ескертті. Бүгінде ауданда 27 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

СЫРДАРИЯДАҒЫ ЖЫР МЕРЕКЕСІ

Аудан мерейтойымен қатар халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов пен көрнекті ақын Әбіраш Жәмішевтің 90 жылдығы аталып өтті. «Қаламы қарымды тұлғалар» атты әдеби кештің ашылуында Әбіраш Жәмішевтің ұлы Талғат ел азаматтарына алғысын білдірді.



Ауданның мерейтойымен қатар биыл қос қалагердің де 90 жылдық торқалы тойы. Аядай ауданда туып, елімізге танылған, жерлер мақтанышына айналған қалагерлерге құрмет көрсетіп жатқан баршаңызға алғысым шексіз. Қаламына құт қонып, бақ дарыған дарынды жазушылардың шығармашылығын насихаттау, өскелең ұрпаққа үлгі ету, ауданның тарихи тереңде жатқанын сезіну біз үшін үлкен мақтаныш, - деді ақынның ұлы.

Кеште даңқты қалагерлердің шығармашылықтары кеңінен насихатталып, естеліктер айтылып, өлеңдерінен үзінді оқылды. Ақындар С.Оспан, Ж.Дәрібаева, журналист-этнограф Т.Дайрабаев, Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры Қ.Құдайбергенов қалагерлер жайлы толғаныстарын жеткізді.

Әдеби кеш соңында Қ.Мұхамеджановтың «Белгілік бөрік астында» атты спектаклі сахналанды. Театр әртістері қоғамдағы білімсіздік, мансапқорлық, ұлттық әдет-ғұрып, ана тілін беіну сияқты келесіндіктерді ашы күлкімен жеткізе білді. Талғамды көрермендер қойылымды жоғары бағалады.

Кездесуде атакты тұлғалар жастарға тәлімді әңгімелер айтып, өмірбаяндарынан сыр шертті. Жетістікке жету үшін ең бірінші білім, ізденіс және адал еңбек керек екенін айтқан дарынды тұлғалар жастарды көп оқуға, бос уақыттарын тиімді пайдалануға шақырды.

Мерейтой барысында орталық стадионда театрландырылған көрініс, гала-концерт ұйымдастырылды. Осы шарада аудан әкімі Ғ.Қазантас меценаттық тиң идеяларды жүзеге асырған елжанды азаматтарға «Жомарт жүрек» сыйлығын табыстады. Атап айтқанда, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан «Ақжарма және К» шаруа қожалығының төрағасы К.Нүрсейітов «Жыл меценаты» номинациясымен марапатталды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы», Сырдария ауданы.

BRIFING I

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

Аймақта биылғы жылы мал ұрлығы қылмысының көрсеткіші биылғы жылмен салыстырғанда 21,6 процентке төмендеген. Мәселен, жыл басынан бері 297 мал ұрлығы тіркелсе, өткен жылы бұл көрсеткіш 379-ға жетіпті. Ал оның ашылу деңгейі 19 процентке жоғарылаған. Бұл туралы мал ұрлығы қылмыстарының алдын алу мәселесі бойынша өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ПД криминагендік полиция басқармасы бастығының орынбасары Дархан Әбдібеков пен қалалық ішкі істер басқармасының басшысы Дәулет Беркімбаев мәлімдеді.

уақытқа дейін 16 эпизодтық, оның ішінде 9-ы ауыр санаттағы мал ұрлығы қылмыстарын жасағандығы анықталып отыр. Олардың ісі бүгінде сотқа жолданған.

Мал ұрлығының өсу себептерінің бірі - тұрғындардың малды қараусыз қалдыруы. Сонымен қатар, жоғалған немесе ұрланған малдары турасында ішкі істер органдарына ақпараттың кешіктіріліп берілуі. Бұл өз кезегінде үлкен қиындық туғызады. Десе де, осы ұрлықтың алдын алу мақсатында ҚР Ішкі істер министрлігі 2018-2020 жылдарға арналған бағдарлама бекітіп, қолданысқа енгізілді. Бағдарлама талаптары дер кезінде орындалар болса, қылмыстың деңгейі бұдан да төмен болады деп есептейміз. Осы ретте өңірде түнгі мезгілде рейд жұмыстары жүргізіліп, облыстық маңызы бар трассаларда, жайылымдық аумақтардан келетін жолдарда түнгі патрульдік жұмыстарына Арал мен Жаңақорған аудандары аралықтың әрбір бекетінде 2 қызметкерден, барлығы 15 полиция бекеттері қызмет атқарауда, - деді Дархан Темірбекұлы.

Сала басшыларының айтуынша, бірінші жартыжылдықта мал ұрлығымен айналысқан 103 қылмыскер ұсталып, олар жасаған 139 қылмыс дәлелденген. Сондай-ақ, 20 қылмыстық топтың қатысуымен 82 ұрлықтың жасалғандығы белгілі болды. Желел іздестіру іс-шаралары барысында Сырдария ауданынан 16 адамнан құралған ірі қылмыстық топ ұсталып, олардың осы

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өтті.

Мақсат - тұрғындарға орталық және жергілікті атқарушы органдар арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тура-

лы ақпарат беру және сала мамандарынан заңгерлік кеңес алу.

Мемлекеттік корпорация мамандары тұрғындарға әлеуметтік төлемдер, жер қатынастары, көші-қон, архитектура сынды сұранысқа ие салалар бойынша түсіндірме жұмысын жүргізіп, электронды үкімет порталы арқылы цифрлық қызмет жасауды үйретті. Жәрмеңкеге жиналғандар eGov.kz электронды порталы арқылы үйде немесе жұмыс орнында отырып-ақ, электронды цифрлық қолтаңба немесе бірреттік құпиясөзбен алуға болатын қызмет түрлерімен танысты. Тіпті, қызығушылық танытқандар смартфон, планшет және арнайы орнатылған компьютер арқылы оңай әрі түсінікті механизмдерді қолдана отырып өздеріне керекті анықтама алып та көрді.

Департаменттің мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Ғалымжан Ілкібаевтың айтуынша, тұрғындардың басым бөлігі балаларды мектепке қабылдау мен баспана мәселесі бойынша «7-20-25», «Орда» бағдарламалары төңірегінде кеңес сұраған.

Аталған жәрмеңке жыл басынан бері Шиелі, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында өткізілген болатын. Алдағы уақытта облыс орталығында және басқа аудандарда да жалғасын табатын болады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».



Жеті атаны, жеті қазынан, жеті санын кие тұтқан қазақ елінде жеті шөлпек ұрпақтан ұрпаққа жалғасын келе жатқан ата-баба аурағын сыйлаудан шыққан ұлттық дәстүрдің бірі. Бұл дәстүр қай заманда, қай уақытта шыққаны жайлы нақты дерек жоқ.

Дегенмен, қазіргі кезде бұл дәстүрді «Алла Тағалаға серік қосу», «Алла Тағаладан басқаға құлшылық ету» қатарына қосып, ширк деп түсінетіндер де жоқ емес. Ислам дінінде өмірден өткен адамға «сауабы тиісін» деген ниетпен Құран бағыштауға болатынын, оның шарифатқа қайшылығы жоқтығын, керісінше сауапты іс екендігі жайлы жазылған хадистерді кездестіреміз. Сонымен қатар, ислам дінінде

не істей аласың?! Жолыңнан қалма! – дейді. Бала: – Ей, жылан, жазықсыз адамға жала жаппа! Өтірігіңе сенбеймін. Айтқаның рас болса, мына дөненмен, кішене сандыққа қалай сыйдың? Жылан ашуланып: – Сандықтан қалай шықсам, солай сыйып та кетемін, – дейді де, түтіңге айналды жоғары көтеріліп, сандыққа кіріп кетеді. Бала сандықты жауып, аузын бекітеді.

ЖЕТІ ШӨЛПЕК ТАРАТУ ДІНГЕ ЖАТ ПА?

«үздіксіз сауап» деген ұғым бар. Өмірден өткен адамға, жасаған сәлемді істері, қалдырған пайдалы ілімі, иманды ұрпағының дұғасы секілді істерден «үздіксіз сауап» тиіп отырады. Бұл ретте, жеті шөлпек таратып, сауабын аруаққа бағыштаудың шарифатта еш терістігі жоқ.



Тіпті, ел ішінде жеті шөлпек туралы да аңыз тарған. Аңызда бір жолашушы келе жатып, жолдан сандық тауып алады. Ашып қараса, алтын тас жатыр екен. Қуанған жолашушы алтынға қолын соза бергенде, тас жыланға айналып, өзіне тап береді.

– Ей, бейшара, не тапсаң да, өз сорыңнан таптың. Мың жыл бойына сандықта жатып: «Біреу мені босатса, алтынмен алтап, күміспен күптеймін» деп тіледі. Ешкім құтқармады. Бүгін: «Кімде-кім құтқаратын болса, соны жұтып өлтірем», – деп серт бердім. Сен келдің. Енді сертімді орындаймын, – дейді. Жолашушы шыр-пыр болып, «сені құтқардым ғой, жібере ғар» деп қанша жалынса да жылан көнбейді. Кенет жолашушы алыста келе жатқан отыз адамды көзі шалып қалады. Қуанған жолашушы олардан көмек сұрайды. Олар жыланнан қорқып:

– Жылан алып екен. Бұған шамамыз жетпейді, – деп қолды бір сілтеп кетіп қалады. Жылан жолашушыға жақындай түседі. Ол:

«Өлген жерім осы болды ғой» дей бергенде тағы да бес кісінің құлағын көреді. Жолашушы құтқар деп оларға да жалынды.

– Отыздың шамасы жетпегенде, бізден не күтесің? – деп олар да кетіп қалады. Жылан төне түседі. Бейбақ иманын үйіреді. Сол кезде бір кішкентай бала келіп араша түседі.

– Ей, жылан, мына бейбақтың не жазығы бар? – деп сұрайды. Жылан мән-жайды баяндап:

– Отыздан қайыр, бес жаннан пайда болмағанда сен

– Айлаңды асырдың, батырмы. Жөңіңді айт, кімсің? – дейді. Сонда бала: – Бұл – жылан – орынсыз айтқан өз сөзің. «Он бәленің тоғыз тілден» деген. Орынсыз сөз иесін табады. Отыз кісі – ұстамаған оразан, бес кісі – қаза қылған бес уақыт намазын. Құлшылыққа салғырт қарадың. Олардан қайран болмады. Бірақ, сен жұма сайын жеті шөлпек пісіріп, кедей-кепшікке садақа берген едің. Алла сенің осы қасиетіңді жақсы көреді. Мен – өзің тартатқан сол шөлпектің. Сені құтқаруға Құдайдың өзі жіберді, – депті. Міне, осыдан ақ, жеті шөлпек таратудың қаншалықты дұрыс екенін ұғынуға болады.

Бұл жайлы ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» облыстық орталық мешітінің бас имамы Болатбек қажы Ұласқанұлының да пікірін білдік.

– Исламда жеті шөлпек тарату теріс немесе ширк амалға апаратын деген дерек жоқ. Жеті шөлпекті тірі адамға таратып, сауабын өмірден озған кісіге бағыштау садақа ретінде Алла разылығы үшін жеті шөлпек таратудың ешбір әбестігі жоқ. Жасалған жақсы амалдың сауабын өлген адамға бағыштау дәстүрімізде бар. Ең бастысы, шөлпекті таза ниетпен, сауабын жеті түсініп тартқан жөн, – дейді. «Жеті шөлпек жеті бәлені жояды», «Жеті шөлпек пісірсен, жеті атаңа сауабы тиеді» деген ұғым дінмен, дәстүрмен астасып жатыр.

Шапағат ТОРҒАЙ.

КАСИБІН-НАСІБІН I

Жұмылған істің жемісі



Күнделікті ақпаратқа құлақ тосамыз. Газет тігінділерін парақтаймыз. Өткен дейді. Ау-у, бұл қай Өткен? Зияғаладин Өтенов пе? Е-е, ол неғыпті? 2003 жылға ақпанның «Үздік кәсіпкері» атанған дейді. Одан бері де мараптары аз емес дейді. Мәселен, Қазақстан Республикасындағы ұлттық бизнес ретінің үйымдастыру комитетінің шешімімен «Қазақстан даңқы», Қазақстан агромеркәсібінің «Құрметті қызметкері» орденімен және кәсіби саладағы «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған дейді.

жабдықтауда кездейсоқ жеке адамдардың сұғанақтық ісін байқап, теңдерге қағысу мақсатында 2001 жылы қосарлас «Қамқор-тұтыну» ЖШС-ын құрады. Теңдерге жеңіске жетіп, мектеп-интернатты, шіншара балалар бақшаны, кәсіптік-техникалық училищені не қажетті бәрмені қамтамасыз етуді қолға алды. Жер-жерден сүт қабылдауды осы серіктестік бастайды. Ақбай ауылының өзінен күнне 500 литр сүт келеді. Кезінде Израйльдан алынған шағын сүт зауыты бар-ды. Кеңшарлар тарағасын зауыт иесіне қалды. Зияғаладин осының ізіне түсіп, ақыры өздеріне икелип орнатып, талауда түскен бөлшегін әркімнен сатып алып іске қосады. Бұрын осы аппаратта істегендерді тауын жұмысқа қабылдайды. Сөйтіп қатық, сүзбе, май, сыр, балмұздақ және басқаларын шығарады. Сүт пісіріледі, мұздатылады, сепапартордан өтеді, сосын пастеризацияланады. Бұл өнімге аурухана, балабақшалар мен жеке қожалықтар алдын ала тапсырыс беріп қояды.

Хош сенді! Десе де айналымда қаржы тым аз еді. Сенім арқан ұжымның көңілін тауып, айлық табысын арттыру керек. Бағымдағы малға-мал, төлге-төл қосылу керек. Банктік несепің пайызы ұдай! Қайтару қиын. Және оған келіме қоятынды мүлкің де реті жоқ. Кәсібің қаржысыз қалай жұмбақ қойылмақ? «Не жақын?» деген сұраққа Әйтеке би: «тату болса ағайын жақын», деген екен. Сол татулықтың белгісіндей кәсіпкер туысы бұлардың есепшотына пайызсыз бума-бума теңгені тастап кеп жібереді.

Сол-сол ақ екен, айналымға ақша түскені серіктестік «қамау тордан» сытылып алға шығады. 2002 жылы тауар айналымы 4 миллион теңгені құраса, 2003 жылғысы 6 миллионға көтеріледі.

Бұл 2003 жылға дейінгі жағдай еді. Ал «Қамқор-тұтыну» ЖШС-ның бүгінгі хал-ахуалы қалай? Бірден айтқанды, ең бастысы жұмысқа 37 азамат тартылған. Әрине, тауар жақсы деп бағаладық. 2017 жылы тауар айналымының көлемі 45 миллионнан асыпты. Салыққа 1,5 миллион, демеушілік қорына 300 мың теңге түсірген. Қазіргі таңда жүзден астам жылқы мен ірі қара бағында тұр. Оған бота-тайлақтан өсірілген 50 бас түйені қосыңыз. Осы, 2018 жылы 1100 тонна шұбат пен 21 тонна ет және наубайханадан 200 мың 400 бөлке нан өндірілме екен. Солардың жарым-жартысы бес айда орындалған. Қысқы мал азығындық 300 тонна шөп пен 20 тонна жем дайындауда екен. Кәсіпкерлікті қолдаудан күтілетін тұрақты жұмыс орнын ашу, бюджет кірісін арттыру және әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру десе, бұларда осы мәселенің бәрі нақпа-нақ жүзеге асуа.

– Біздің үлес тамшыдай жоқ, кәсібіміз шағын, әйтеуір айналымда ақша жұр, – деді Зияғаладин мырза мақтанға жоқтығын сездіріп.

Оу, сол тамшыдан теңіз құралатынын ескерсек, кәңі!..

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ, дербес зейнеткер. Арал қаласы. Суретте: З.Өтенов.

Жекеше әріптесті айқындауда конкурстің құжаттарының көшірмесін ұсыну туралы

Қызылорда облысының өкілдігі, «Облыстық денсаулық сақтау басқармасы» МЖӨ арқылы жеке серіктестікті анықтау бойынша конкурс бастау туралы хабарлаймыз. «Облыстық медицина орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналық кәсіпорны интеграцияланған операциялық жүзесін орындау жобасы бойынша әлеуетті жеке серіктестері конкурста қатысуға шақырады. «Қызмет саласы: денсаулық сақтау басқармасы. МЖӨ түрі: шарттық МЖӨ. Жобаның мерзімі: 2018-2022 жж. Қызылорда облыстық денсаулық

Жекеше әріптесті айқындауда конкурстің құжаттарының көшірмесін ұсыну туралы

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік жеке-жеке әріптестік (бұдан әрі – МЖӨ) жобаларын орындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің ма. 2015 жылғы 25 қарашадан № 725 бұйрығы негізінде төмендегі 7 мемлекеттік-жеке-жеке әріптестік аймақтарда конкурс өткізілетіні хабарлайды. Атап айтқанда: – Арал ауданы Шығанақ ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; – Қазалы ауданы Күрей ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; – Қазалы ауданы Бозоқ ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; – Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; – Жалағаш ауданы Мырбай ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; – Шінеу ауданы Бекенжол ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы.

сақтау басқармасы «Облыстық медициналық орталығының» ШЖК КМК-ға біріктірілген операциялық жүзесін орындау мүмкіндігінмен ширікты өңдеу жұргізуға, операцияларды интернет кестісіне кәжетті сипасын арттыру үшін тиімді медициналық қызмет көрсету және бір медицина оқу ордестерін жүргізуге және жабдықтауға монтажу жұмысын кетеуге уәруге жауапты, содай-ақ медициналық құрал-жабдықтау жөнінде; Болжамды шығарындау өтеу және кірістерді алу көздері: МЖӨ келісімі бойынша инвестициялық шығындарды өтеу және қолжетімділігі төлеу; Конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті қатысушыларға рұқсат етіледі, «Мемлекеттік жеке-жеке әріптестік туралы» ҚР заңының 32-бабында және конкурстық құжаттамада көрсетілген.

1. Жобаның мақсаты: Ауылдық округтерінде халық тұрғындарына алғашы медициналық-санитарлық көмек көрсету, сапалы медициналық қызметтерді көрсетушілерге қол жеткізу, аурухана стационарлық ағамын түсіру және алғашы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру. Медициналық құрал-жабдықтау мен технологиялық жабдықтауға қоса алғанда нысанды материалдық-техникалық жаратқылауы. 2. Жобаның күнісі: Тігінді жабдықтау-металдық құжаттамаға сәйкес, әлеуетті жеке-жеке әріптестік амбулаторияның құрылысы «Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Инкардия ауылына ауысуына 30 күн ішінде арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» жобасы бойынша жүзеге асырылатын болады. 2011 жылғы 4 мамырдағы № 14-0906/11 мемлекеттік сарптаманың қорытындысы. Жобаны жана жер теліміне қайта пайдалану (байланыстыру). 3. Іске асыру мерзімі және кезеңі: Іске асыру мерзімі: 1) инвестициялық кезең - жұмыс жобасына сәйкес МЖӨ нысанын және кәсіпкер 4 ай салып, мемлекет меншігіне беріледі; 2) инвестициялық кезеңнен кейін - МЖӨ нысанын мемлекет меншігіне беріп және жеке кәсіпкер МЖӨ нысанына қызмет көрсетеді. Жобаны іске асыруға бағам мерзімі – 2018 жыл. Аяқталу мерзімі- 2021 жыл. Іске асыру кезеңі: 2018 ж 4 ай – инвестициялық кезең; 2018-2021 жылдар – 4 жыл аралығында нысанға қызмет көрсету. 4. Мемлекеттік қолдау шаралары: Инвестициялық шығындардан отемаласы (ИШӨ). 3 жыл қолжетімділігі үшін ақша төлеу. 2. Жобаның техника-экономикалық талаптары: 1) жер телімінің көлемі 0,3 га; 2) жапыз ауданы 369,4 м²; 3) Басты көрсеткіштері: Амбулатория ғимараты бір қабатты, тікбұрышты 30,0x12,3м өлшемдерімен. Жеміртатын биіктігі – 3,0м. Медициналық дәрігерлік амбулатория ғимараты функционалды түрде балалар мен ересектер жалпы практика бөлімі, күндізгі стационар, қосалқы қызмет кабинеттерінің топтарына бөлінеді. Балалар мен ересектерді қабылдау үшін ауруханаға дейінгі қабылдау бөлмесі, медициналық қабылдау оқу бөлмесі, проноуралық сүт қорынасы, оқшаулау бөлмесі, қызыл жанау бөлмесі, талдау жүргізу бөлмесі, физиотерапия емдеу бөлмесі, ересектер мен балаларға арналған күндізгі стационар бөлмесі. 4. Ұйымдастырушының байланысу деректері: Қызылорда қаласы, Қызылорда облысы, Қазақстан Республикасы, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы Абай даңғылы №27 3-қабат, 310 кабинет, тел.: 87242/40-04-51, электронды пошта: info@kzob.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ф. Біодегетті бағдарламалары жоғарыдағы жеке медициналық қызметті көлемін орындаушы болымын бас ма-мын. М.Ш.Асанова. 5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: біліктілік талаптары құжаттарын ұсыну мерзімі 25.08.2018 жылғы сағат: 12.00-ге дейін, конкурстық өтініш құжаттарын ұсыну мерзімі – 10.09.2018 ж сағат: 12.00-ге дейін.

SERGEK I



520-НЫҢ ІШІНДЕ 3-ШІ БОЛДЫҚ

Қызылорда қаласында өткен республикалық IX жазғы спартакиада жексенбіде өз мәресіне жетті.

Астананың 20 жылдығының құрметіне арналған байрақты бәсекеге 6 мыңнан астам қатысушы 54 спорт түрінде бақ сынасты. Тамашада тартысты сынның бәйгесіне 1044 алтын мен күміс, 1298 қола медаль қойылды.

Спартакиада бағдарламасы бойынша 16 спорт түрінде жарыстар Қызылорда қаласында өтті.

Спортшылар жарыстың барлық түрінде ерекше ептілік, ержүректілік

болмыс танытты. Жалаулақтан жанкүйерлерге де тамаша көңіл-күй сыйлады.

Командалық есепте Түркістан облысының спортшылары 1-ші, Алматы қаласының өрендері 2-ші орынның тұғырына орнықты.

Ал, біздің жерлестеріміз, Қызылорда командасы 3-ші орынның бәйгелерін олжалады. 520 командадан 3-ші болу көп күшті талап етері анық. Дегенмен, жерлестеріміз бұл жетістіктерін алдағы кезеңде еселей түсетіміз деп отыр.

Р. ДҮЙСЕНҰЛЫ.

ТАЛАПКЕР – 2018 М. М. МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ талапкерлерді мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алуға шақырады



НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ (9 СЫНЫП) НЕГІЗІНДЕ КҮНДІЗГІ ОҚУ НЫСАНЫ БОЙЫНША

- 010103 3- «Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білім бар тәрбиешісі» оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі), **орын саны – 50;**
- 010508 3- «Ағылшынша білім бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі), **орын саны – 50;**
- 011101 3- «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі), **орын саны – 25;**
- 011102 3- «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Орыс әдебиеті, Орыс тілі), **орын саны – 25;**
- 011108 3- «Иелетілі мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Шерет тілі, Қазақ тілі), **орын саны – 20;**
- 011109 3- «Информатика мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі), **орын саны – 20;**
- 011112 3- «Ағылшынша білім бар физика пәні мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Физика, Қазақ тілі), **орын саны – 25;**
- 011111 3- «Ағылшынша білім бар математика пәні мұғалімі» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі), **орын саны – 15;**
- 130405 3- «Ақпараттық қорғау техникасы» біліктілігі, оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай (Тест: Математика, Қазақ тілі), **орын саны – 25.**

Талапкерлер келесі құжаттарды тапсыруға қажет:

- Өтініш;
- Білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 086-У формадағы медициналық анықтама, флюорография суретімен (I-II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сарптама қорытындысы);
- 3x4 сурет – 4 дана;
- Жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігінің көшірмесі.

Құжаттар 20 тамызға дейін қабылданады.

Қабылдау емтихананды 22-24 тамыз аралығында өткізіледі.

Колледждің мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 9. Байланыс телефоны: 26-12-90. Колледже сайты: manshuk.kz. Электронды пошта: kyzhumcoll@mail.ru

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінен 2018 жылдың 20 ақпанында №КЗ67ЛА0001120 лицензиясы берілген).



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы 2018 жылдың 1 қазан күні ашылатынын хабарлайды. Автовокзал ғимаратының ішінде – сауда орындары, аумағында – сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) берілетінін хабарлайды. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі. Байланыс телефондары: 8(7242) 26-37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru (10-4)

Кезекші редактор ҮДІРІС ТӘЖІҰЛЫ.

Меншік иесі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28732
Тапсырыс №1281